

## СЕКЦИЯ № 3. ГЕОГРАФИЯ

Ахметова Э.Б.<sup>1</sup>, Абдулкаримова А.А.<sup>2</sup>

*1. Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, жаратылыстану ғылымдарының  
магистрі*

*2. Студент 4 курста, Жаратылыстану ғылымдары кафедрасы, мамандықтың  
«География»*

### ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЛКЕТАНУ МАТЕРИАЛДАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Өлкетану – мұғалім үшін ғылыми – зерттеу іс – әрекетінің сенімді жолы. Оның негізгі әдісі - аумақ туралы ақпаратты, табиғи үлгілерді (геологиялық, топырақ, биологиялық, зоологиялық), материалдық мәдениет заттарын және т.б. деректерді жинау және жүйелеу. Өлкетану жеке пән мазмұнын толықтырып қана қоймай, түрлі пәндердің көптеген сұрақтарын өзара байланыстыруымен қатар практикада қолдануға жол ашады деуге болады. Пәнаралық байланыста жергілікті жерді карта кескінінде көптеген сұрақтарын математика арқылы шешсе, топырақты зерттеу барысында химия және биологиядан алған білімдерін қолданады. География мен тарихтың өлкетану жұмыстарын жүргізуде орны ерекше. Географиялық өлкетанудың басты мақсаты: туған өлкесі жайлы білімді терең меңгерту және дамыту, оқушылардың бойында азаматтық ұстаным, қалыптастыру, отансүйгіштік сезімге, туған өлке тарихын зерттей, зерделей білуге, жинақтылыққа тәрбиелеу, танымдық қызығушылықтарын тереңдету, география сабағында Отанына деген патриоттық сезімдерге тәрбиелеуді жүзеге асыру және оқу сабақтары үдерісі кезінде туған өлкені оқып – білу мүмкіндігін кеңейту. [1, 31б]

Өлкетану материалдарын сабақта қолдану, білім беру үрдісіне қойылатын жалпы дидактикалық қағидалармен негізделеді. Ол қағидалардың түрлері:

❖ *пәнаралық байланыс қағидасы*, бұл – мектеп бағдарламасындағы пәндердің мазмұнында өлкетану материалдарын қолдану арқылы басқа пәндермен байланысты жүзеге асыруды болжайды;

❖ *жүйелілік-құрылымдылық қағидасы*, өлкетану материалдарын білім берудің әртүрлі кезеңдерінде нақты мақсат қоя отырып, жоспарлы түрде қолдануды және аумақты географиялық негізді құрайтын нақты сипаты бар нысан ретінде зерттеуді көздейді;

❖ *тақырыптық қағидасы*, оқулықтың әр тақырыбына сәйкес келетін материалды әзірлеуді қарастырады;

❖ *толеранттылық қағидасы*, оқушылардың бойында өзге ұлт мәдениетін түсіну және қабылдау қабілетін дамытуды қарастырады;

❖ *когнитивтік қағидасы*, оқушылардың білім алу үрдісі барысында өлкетану материалдарының көмегімен жаңа ақпаратты, жаңа білімді түсінуін қарастырады;

❖ *кешенділік қағидасы*, өлкенің қоршаған ортасында болатын барлық жағдайларды, өзгерістерді кіріктіріп оқытуды көздейді;

❖ *ізгілендіру қағидасы*, өлкені тұлғаның дамуындағы өмірлік-мәнді құндылықтар жүйесінде оқудың мағынасын түсінуді қамтамасыз етеді;

❖ *табиғи және мәдени түсінік қағидасы*, табиғатты қорғау және экологиялық білім мазмұнын кіргізуді қарастырады;

❖ *іс-әрекеттік қағидасы*, білім беруді практикалық, коммуникативтік, жобалық-шығармашылық тапсырмалар жүйесі арқылы жүзеге асырады;

❖ *тарихилық қағидасы*, әлеуметтік-табиғи ортадағы өзгерістерді, аумақтың даму болашағын қарастыру арқылы орындалады;

❖ *проблемалық қағидасы*, нақты проблемалық тапсырмаларды шешу көздейді.

Аталған қағидаларды жүзеге асыру арқылы, оқушылардың өздіктерінен білім алу, сыни тұрғыдан ойлау, шешім қабылдау, практикалық іс-әрекеттерді орындау қабілеттерін дамыту мүмкіндігі туындайды. Анықталған қағидаларды ой елегінен өткізіп түсіну және өмір сүру ортасындағы мінез-құлық ережелерін сақтау, өз іс-әрекетінің мәні мен жауапкершілігін түсіну, өзінің кіші отанына деген сүйіспеншілік әр адамның мәдениетінің ажырамас бөлігі болуы тиіс.[2, 9]

Жалпы білім беретін мектептердегі география курсының оқу бағдарламасына өлкетану мақсатында оқу экскурсиясы енгізілген. Оқу экскурсиялары кезінде оқушылар өз өлкесінің физикалық – географиясымен, экономикалық – географиялық жағдайымен және табиғат ресурстарымен, халық шаруашылығы туралы түсініктер қалыптасады және іздене білу, ойлау және шығармашылық қабілеттерін дамытады.

Мектептегі география пәні мұғалімі өлкенің табиғат жағдайларын танып – білуге арналған жұмыстардың жалпы бағдарламасын жасайды. Ол бағдарламада қандай сала бойынша жасалатын жұмыстардың жоспары беріледі.[3, 166]

Өлкетану жұмыстары оқушылардың қоршаған табиғи құбылыстары мен заттары олардың өзара байланыс заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыруға көмектесіп, өмірге деген қызығушылықтарын арттырады. Сонымен қатар, қоғамдық пайдалы еңбектер жасауға, жергілікті жердің табиғатын сүйеге, қорғауға, денсаулығын шынықтыруға тәрбиелейді.

Өлкетану жұмыстарын жүргізудегі басты қолданылатын әдістерге: өз өлкесінің тарихымен танысу, әдеби әдіс, далалық бақылау, картографиялық, статистикалық көрсеткіштер, экскурсия және жорық ұйымдастыру, танымдық ойындар ойнату, фото және видеокөрініс жатады. Өлкенің табиғат жағдайын білу өлкетану жұмысының ең басты бөлімі болып саналады. Оған өлкенің геологиялық құрылысы, жер бедері, пайдалы қазбалары, климаты, өзендері, көлдері, батпақтары, топырақ және өсімдік жамылғысы және жануарлар дүниесі, экологиясы кіреді.[4, 36]

Өлкетану материалын оқып үйрену, жинақтау және пайдалану негізінде жүргізілетін экскурсиялары мен практикалық жұмыстар зерттеудің

географиялық әдістеріне сәйкес келетін білімді белсенді түрде меңгеруге және практикалық іскерлік пен дағдыны қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда оқушылар қауымының жаратылыстану пәндеріне деген қызығушылығы жыл сайын артып келеді. *Физикалық география пәні* мектеп географиясындағы ең алғашқы бастама буын болып табылады. Егер оқу – тәрбие барысында оқушыны қызықтырып ынталандыра алатын болсақ, географияның келесі бөлімдері онай жалғасын табады. География пәнінің басты ерекшелігі табиғатты, экономиканың дамуын, қоршаған орта мен экологиялық мәселелерді, патриоттық кешенді түрде тәрбие берудегі бірден – бір өзекті технологияға ие пән болып табылады. Физикалық география курсының жалпы шолуында өз өлкесінің табиғатының жекелеген бөліктерімен танысу оқушыларды өзінің тұрған жерінің табиғатын одан әрі жан – жақты оқып үйренуге жетелейді. Физикалық география мен өлкетануды тікелей байланыстыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру керек. Географиялық өлкетануды оқыту кезінде оқушылардың бойынан өмірде өз ұстанымын айқындаған, оны қорғай алатын, туған Отанына сүйіспеншілік сезімі мол, өлке туралы жан – жақты білетін, экологиялық мәдениетті, теориялық білімін іс – тәжірибе жүзінде пайдалана білетін жеке тұлғаны қалыптастырамыз.

Сондықтан қазіргі кездегі география сабақтарында географиялық өлкетану жұмыстарын ұйымдастыру болашақ жас мамандарға қойылатын басты талап деп білеміз. География пәні мұғалімі өз пәніне үстіртін қарамай, оқушылармен географиялық үйірме ұйымдастырып, сабақтарын қызықты, әрі өлкетану жұмыстарымен байланыстыра өткізу керек.

*Өлкетану материалдарын география сабағында пайдаланудағы ең үлкен жетістік* – айналаны, қоршаған сыртқы ортаны қорғаудың қажет екені бірден айқындала түседі. Әр мектеп өз атамекенінің жай – күйін, тыныс – тіршілігін зерттеуді назардан шығармаса дейміз. Келер ұрпаққа табиғатты өз қалпында жеткізудің жолдарын ертерек ойластырып, оқушыларын табиғат әсемдігін, ондағы бар дүниелерді аялап қорғай білуге баулу – әрбір ұстаздың абыройлы борышы.

Мектепте «*Өлкетану*» пәнін оқыту мұғалімнен шығармашылықты, көп ізденісті талап етеді. Бұл әдістемелік құрал мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту негізінде олардың танымдық қызығушылығын арттыруға, отансүйгіштікке тәрбиелеуге мүмкіндік беретін көмекші құрал болуы тиіс.[4, 36]

География пәнін оқытуда жаңа технологиялардың тиімді әдісін алып жетілдіру барысында еске сақтауға негізделген ақыл – ойын дамытатын оқуға көшу, мұғалім мен оқушының тең субъектіге түсіп, ынтымақтастықта болуын қажет етеді. Сондықтан практика кезінде география пәні сабақтарында жаңа технологиялық әдістермен бірлесе өлкетану материалдарын қолдана отырып, оқушының шығармашылық қабілетін арттыру, өздігінен жұмыс істей білуге, ойлауға, қосымша материалдарды іздестіріп, оларды орынды пайдалануға

баулумен қатар, биосфера компоненттеріне (жер, су, өсімдік әлемі, атмосфералық ауа) дұрыс қарауға, аялауға тәрбиелеуді құптадым.

Практика кезіндебағдарламалы оқыту сабақтарын 6 сыныпқа сабақ кезінде өлкетану материалдарын қолдандым.





**Сабақ барысындағы тиімділігі:** оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артып, туған өлке туралы нақты білімге негізделіп, оқушылар өскен жерінің табиғат құбылыстарын бақылауға және еліне кішкене болса да пайда келтіруге деген ынталары оянды. Өлкетану жұмыстары оқушылардың дүниеге дұрыс көзқарасын қалыптастырып, сондай – ақ отаншылдық, адамгершілік, экологиялық тәрбиеге жетелейді.

**Ұсынылатын ұсыныстар:** өлкетану материалдарын тек қана факультатив сабақтарында қана қолданбай, география сабағында кенінен қолданып, оқушыларға адамгершілік, патриоттық, экологиялық, эстетикалық тәрбие беру.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1) Айтжанова Г.Қ. өлкетану жұмысын ұйымдастыру жолдары. // География, биология, экология орта мектепте. Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал. – 2013 жыл. - №6.
- 2) Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы. Орта мектепте «Өлкетану» курсының оқытудың әдістемелік негіздері. Әдістемелік құрал. – Астана: - 2013.

- 3) Бахтыбекова Ш., Байсеркеева Л. Жергілікті жерде өлкетану зерттеулерін ұйымдастыру жолдары. // География және табиғат. - 2014 жыл. - №2
- 4) Жандосова Г.Ө., Исанов А. География сабағында өлкетану жұмыстарын ұйымдастырудағы жас маманға қойылатын басты талап. // География, биология, экология орта мектепте. Республикалық ғылыми – әдістемелік журнал. - 2014 жыл. - №2.
- 5) Сарқытқан Қ., Умиркулова С.М. «Өлкетану» курсының оқытуда Тараз өнеркәсіптік кешені материалдарын пайдалану. // География, биология, экология орта мектепте. – 2015 жыл. - №3.

**Коваль В.В.<sup>1</sup>, Албагачиева Р.Б.<sup>2</sup>**

1. *Научный руководитель магистр географии, старший преподаватель*
2. *Студентка 4 курса, кафедра Естественных наук, специальность «География»*

### **АНАЛИЗ ДЕМОГРАФИЧЕСКИХ ПРОЦЕССОВ КАРАСУСКОГО РАЙОНА НА ПЕРИОД 2010 - 2015 ГГ.**

Демографические процессы являются движущей силой воспроизводства населения, которая обуславливает экономическое и социальное развитие района.

Карасуский район расположен в юго-восточной части Костанайской области, граничит с Северо-Казахстанской и Акмолинской областями на востоке, Сарыкольским районом на севере, Аулиекольским районом на западе, Алтысаринским районом на северо-западе, Наурзумским районом на юге и юго-западе. Площадь Карасуского района – 12,8 тыс.км<sup>2</sup>; 6,5 % от области[1].

На текущий год население района составляет 28307 человек. В 2015 году численность населения составляла 27 140 человек, таким образом, численность населения района увеличилась на 1167 человек. На рисунке 1 отражены изменения численности населения Карасуского района на протяжении 5 лет с 2010 по 2015 гг.




Рисунок 1. Общая численность населения Карасуского района на период 2010 – 2015 года[2]